www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№31 /sársenbi/ 29 silde 2026 jyl

## АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫН ҚОРҒАУҒА ҮКІМЕТ 3 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су ресурстарын тиімді пайдалану, гидротехникалық инфрақұрылымды жаңғырту және табиғи нысандарды сақтау жөніндегі тапсырмалары аясында елімізде ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі – Жетісу облысындағы Алакөл көлінің жағалауын қорғау жобасы. Үкімет резервінен аталған жобаға 3 млрд теңге бөлініп, жағалауды шайылудан сақтайтын қорғаныс бөгетін салу жұмыстары жалғасады.

Тиісті қаулыға Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов қол қойды. Бұл шешім табиғи экожүйені сақтау, туристік инфрақұрылымды дамыту және жағалаудағы елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

Бөлінген қаражат ұзындығы 6 шақырым болатын қорғаныс бөгетін салуға бағытталады. Оның 2,5 шақырымы Көктұма ауылының, ал 3,5 шақырымы Ақши ауылының жағалау бөлігінде бой көтереді. Бұл аумақтар соңғы жылдары көл жағалауының шайылу қаупі күшейген өңірлердің қатарында саналады.

Жоба бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы, яғни 2025 жылы, ұзындығы 1,7 шақырым болатын учаскеде жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, жер қазу, бетон құю, жағалауды бекіту және габион құрылымдарын орнату жұмыстары толық аяқталды. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстарының шамамен төрттен бірі орындалған.

Мамандардың айтуынша, қорғаныс бөгетінің салынуы Алакөл жағалауының одан әрі шайылуына жол бермейді. Сонымен қатар көлдегі шөгінділердің табиғи қозғалысы мен қайта бөліну процесінің сақталуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде көлдің табиғи тепе-теңдігін қорғауға және бірегей экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Алакөл – еліміздегі ең танымал туристік аймақтардың бірі. Жазғы маусымда мұнда Қазақстанның әр өңірінен ғана емес, шетелден де мыңдаған турист келеді. Сондықтан жағалауды қорғау бағытындағы жұмыстар туристік инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан да ерекше маңызға ие. Жаңа қорғаныс нысандары жағалауда орналасқан демалыс аймақтарының қауіпсіздігін күшейтіп, туристер мен жергілікті тұрғындар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобаның іске асырылуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Инженерлік инфрақұрылымның жақсаруы жаңа инвестициялардың тартылуына, туризм саласының дамуына және қызмет көрсету сапасының артуына жол ашады. Сонымен қатар табиғи нысандарды сақтау арқылы өңірдің экологиялық тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

Су тасқынының алдын алу және гидротехникалық инфрақұрылымды нығайту бағытындағы жұмыстар еліміздің басқа өңірлерінде де жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соңғы екі жыл ішінде Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында жалпы ұзындығы 243 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгеттері мен өзге де инженерлік құрылыстар салынып, қайта жаңғыртылды. Бұл нысандар елді мекендерді су басу қаупінен қорғап, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

**«Айғақ»-ақпарат.**



# ОРТА ДӘЛІЗДІҢ МҮМКІНДІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ



Қазақстан мен Өзбекстан премьер-министрлері Олжас Бектенов пен Абдулла Арипов Ақтау халықаралық теңіз сауда портында болып, Транскаспий халықаралық көлік бағыты (Орта дәліз) арқылы жүк тасымалының көлемін арттыру және көлік-логистика саласындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

Сапар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның жұмысы аясында өтті. Үкімет басшылары порттың өндірістік әлеуетімен, инфрақұрылымдық мүмкіндіктерімен танысып, жүзеге асырылып жатқан жаңғырту жобаларының барысын қарады.

Ақтау халықаралық теңіз сауда порты – Қазақстанның ең ірі теңіз қақпасы әрі Транскаспий халықаралық көлік бағытының негізгі логистикалық торабы. Жалпы аумағы 44 гектарды құрайтын порт жылына 12 миллион тоннаға дейін жүк өңдеуге қауқарлы. Ол Каспий өңірі, Кавказ және Орталық Азия елдері бағытындағы халықаралық тасымалдардың үздіксіз жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Кездесу барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, теңіз және теміржол инфрақұрылымын дамыту Қазақстан Үкіметінің басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, 2025 жылы Құрық портында теңіз түбін тереңдету жұмыстары толық аяқталған. Осындай жұмыстар Ақтау портында да жүргізіліп, жыл соңына дейін аяқталады. Бұл өз кезегінде ірі жүк кемелерінің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етіп, порттың өткізу қабілетін арттыруға жол ашады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Елжас Отыншиевтің мәліметінше, Ақтау мен Құрық порттарының жиынтық қуаты жылына шамамен 22 миллион тоннаны құрайды. Соңғы жылдары контейнерлік тасымал қарқыны айтарлықтай өсіп келеді. Атап айтқанда, 2022–2025 жылдар аралығында Қазақстан порттары арқылы Орта дәлізбен жүзеге асқан контейнерлік транзит көлемі 3,8 есеге артқан.

Тасымал көлемін одан әрі ұлғайту мақсатында порт инфрақұрылымы кезең-кезеңімен кеңейтілуде. Ақтау портында жылына 140 мың жиырма футтық эквивалент (ЖФЭ) контейнер өңдейтін хабтың бірінші кезеңі іске қосылды. Екінші кезең аяқталған соң, 2027–2028 жылдары оның қуаты 240 мың ЖФЭ-ға дейін жеткізіледі. Сонымен қатар теңіз тасымалын дамыту үшін алты жаңа контейнерлік кемеге тапсырыс берілген. Оның төртеуі 2027 жылы, қалған екеуі 2028 жылы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, Шалқар – Бейнеу және Бейнеу – Маңғыстау теміржол учаскелерін жаңғырту жұмыстары аяқталып, Ақтау және Құрық порттарына жүк жеткізу тиімділігі артады.

Келіссөздер барысында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы транзиттік тасымалдардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту мәселесіне ерекше назар аударылды. Биыл Ақтау және Құрық порттары арқылы Өзбекстан жүктерін өңдеу көлемі 60 пайыздан астам өскен. Бұл қолайлы тарифтік саясат пен көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының нақты нәтижесін көрсетеді.

Олжас Бектенов Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары арқылы Өзбекстанның экспорттық жүктерін Кавказ, Түркия және Еуропа нарықтарына тиімді әрі сенімді жеткізуге толық дайын екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, Маңғыстау өңірінің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану Орталық Азия елдерінің халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндігін кеңейтеді.

Кездесу қорытындысында Қазақстан мен Өзбекстан премьер-министрлері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен «Өзбекстан темір жолдары» акционерлік қоғамына Орта дәліз арқылы жүк тасымалы көлемін кезең-кезеңімен арттыруға бағытталған нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырды. Бұл шешім екі ел арасындағы көлік-логистика салысындағы стратегиялық әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Сапар аясында Ақтауда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Екіжақты ынтымақтастық жөніндегі біріккен үкіметаралық комиссияның 23-ші отырысы өтті. Кездесуде Премьер-министрлер Олжас Бектенов пен Абдулла Арипов сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, көлік-логистика бағыттарындағы ынтымақтастықты күшейту және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Тараптар 2025 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 4,8 млрд АҚШ долларына жеткенін, ал 2026 жылдың алғашқы бес айында бұл көрсеткіштің 37 пайызға өсіп, 2,3 млрд долларға жеткенін атап өтті. Сондай-ақ теміржол және теңіз тасымалдарының көлемін ұлғайту, транзиттік әлеуетті арттыру және бірлескен өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жандандыруға уағдаласты. Отырыс қорытындысында Үкіметаралық комиссияның 23-ші отырысының хаттамасына қол қойылды.

Ақтауда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов пен Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері басшыларының кеңесінің бірінші отырысына қатысты.

Екі елдің көшбасшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің бірлескен шешімімен өңіраралық өзара іс-қимылдың жаңа тетігі құрылды.

Олжас Бектенов өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Жаңа Конституцияны жүзеге асыру ұлттық экономиканы нығайту, инвестициялық тартымдылықты арттыру, бизнес үшін барынша қолайлы жағдай жасау және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту үшін берік институционалдық негіз қалыптастырады.

Жалғасы 5-ші бетте

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Түркістан облысы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтіп, шетелдік инвесторлармен өзара тиімді байланыстарды нығайтуға басымдық беріп келеді. Осы бағыттағы маңызды кездесулердің бірі Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің Үндістан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайлас Тангалмен жүздесуінде жалғасын тапты.

Кездесу барысында инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм, медицина, фармацевтика және баламалы энергетика салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері жан-жақты талқыланды. Тараптар өзара тиімді жобаларды жүзеге асырудың тетіктерін қарастырып, экономикалық байланыстарды жаңа деңгейге көтеру мүмкіндіктеріне тоқталды.



Өңір басшысы Нұралхан Көшеров Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны, инвестициялық әлеуеті мен бизнес жүргізуге қолайлы мүмкіндіктері туралы кеңінен баяндады. Оның айтуынша, облыста инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіліп, өндіріс орындарын ашуға және ірі жобаларды іске асыруға қажетті инфрақұрылым қалыптасқан.

– Түркістан облысы – инвестиция үшін мүмкіндігі зор өңір. Біз өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм және өзге де салаларда өзара тиімді әріптестік орнатуға дайынбыз. Түркістан халықаралық әуежайының әлеуеті жоғары, шетелдік туристерді қабылдауға барлық жағдай жасалған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен өңірдің бай тарихи-мәдени мұрасы Үндістаннан келетін туристер үшін де ерекше қызығушылық тудырады. Сондықтан туризм саласындағы байланыстарды күшейтуге мол мүмкіндік бар, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Үндістан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайлас Тангал екі ел арасындағы экономикалық және гуманитарлық байланыстардың әлеуеті жоғары екенін атап өтті. Оның айтуынша, жыл сайын шамамен 50 миллион үндістандық шетелдерге туристік сапарға шығады. Бұл көрсеткіш Түркістанның халықаралық туристік бағыт ретіндегі мүмкіндігін айқындай түседі.

Елші сондай-ақ уран өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мақта кластерін дамыту, туризм, медицина және фармацевтика, баламалы энергия көздері бағыттарында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық білдірді. Сонымен қатар Түркістан облысында халықаралық стандарттарға сай аурухана салу, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық және іскерлік байланыстарды одан әрі нығайтып, өзара тиімді жобаларды жүзеге асыру бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыруға келісті.

Бұл кездесу Қазақстан мен Үндістан арасындағы өңіраралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге, Түркістан облысына инвестиция тартуға және халықаралық әріптестікті кеңейтуге серпін беретін маңызды қадам ретінде бағаланады.

# АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, инвестиция тарту және экспорттық әлеуетті күшейту жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында нақты нәтижесін беріп келеді. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің үйлестіруімен аграрлық салада өндірістен бастап қайта өңдеу мен экспортқа дейінгі барлық бағыты қамтыған кешенді жұмыстар жүйелі жүзеге асуда.

2026 жылдың қаңтар–маусым айларының қорытындысы бойынша Түркістан облысында 325,3 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 110,7 пайызды құрады. Осы көрсеткіштің нәтижесінде өңір республика бойынша бірінші орынға көтеріліп, аграрлық сектордағы көшбасшылық орнын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Өңірдің инвестициялық тартымдылығы да жылдан-жылға артып келеді. Алты ай ішінде агроөнеркәсіп кешеніне 153,2 млрд теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көлемі 1,5 есеге ұлғайды. Бұл – ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғыртуға, жаңа кәсіпорындарды іске қосуға, заманауи технологияларды енгізуге және қосылған құны жоғары өнім өндіруге бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты жемісі.

Өңдеу өнеркәсібінде де қарқынды өсім байқалады. Есепті кезеңде тамақ өнімдерінің өндірісі 96,6 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 126,2 пайызды құрады. Нәтижесінде ет өнімдерін өңдеу көлемі 172,1 пайызға, өсімдік майы мен май өнімдерін өндіру 136,7 пайызға, сусындар өндірісі 139,6 пайызға, ұн-жарма өнімдері мен балық өнімдерін өндіру 121,4 пайызға, жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу 108,5 пайызға артты. Бұл көрсеткіштер өңірде шикізатты терең өңдеу бағытындағы жұмыстардың тиімділігін айқын көрсетеді.

Экспорт көлемінің ұлғаюы да Түркістанның аграрлық әлеуетінің артып келе жатқанын аңғартады. Жыл басынан бері облыстан 904,5 мың тонна ауыл шаруашылығы және қайта өңделген өнім шетел нарығына жөнелтіліп, экспорт көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге өсті. Оның ішінде 642,4 мың тоннасы өсімдік шаруашылығы өнімдері, 25,8 мың тоннасы мал шаруашылығы өнімдері және 236,3 мың тоннасы қайта өңделген өнімдер.

Ауыл шаруашылығын әртараптандыру бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасуда. Биыл егіс алқабының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға ұлғайып, жалпы көлемі 919 мың гектарға жетті. Оның ішінде 326 мың гектарға дәнді дақылдар, 87 мың гектарға майлы дақылдар, 42 мың гектарға көкөніс, 62 мың гектарға бақша, 12 мың гектарға картоп, 228 мың гектарға мал азықтық дақылдар және 162 мың гектарға мақта орналастырылды.

21 шілдедегі мәліметке сәйкес, өңір диқандары 242 мың тонна масақты дақыл, 583 мың тонна көкөніс, 750 мың тонна бақша өнімін, 207 мың тонна картоп және 3,2 млн тонна мал азықтық дақыл жинап үлгерді. Бұл – егін жинау науқанының қарқынды жүріп жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Су ресурстарын тиімді пайдалану – өңірдегі негізгі басымдықтардың бірі. Осы бағытта биыл қосымша 50 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған. Нәтижесінде мұндай технологиялар қолданылатын жалпы егіс көлемі 164 мың гектарға жетіп, жыл сайын 280 млн текше метр ағын суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда су үнемдеу технологиялары 37 мың гектарға енгізіліп, жоспардың 74 пайызы орындалды.

Түркістан облысы мал шаруашылығы саласында да еліміздің жетекші өңірлерінің қатарында. Бүгінде республикадағы ірі қара малдың 13 пайызы немесе 1 млн 238,6 мың басы, қой-ешкінің 20 пайызы немесе 5 млн 211,6 мың басы, жылқының 10 пайызы немесе 549 мың басы және түйенің 14 пайызы немесе 46,1 мың басы осы өңірде өсіріледі.

Алты айдың қорытындысында облыста 116,3 мың тонна ет, 271,8 мың тонна сүт және 170,8 млн дана жұмыртқа өндірілді. Мал шаруашылығының тұрақты дамуы экспорттық көрсеткіштердің артуына да оң ықпал етуде. Қазіргі таңда республикадан экспортталатын ірі қара мал етінің 80 пайызы мен қой етінің 75 пайызы Түркістан облысының үлесіне тиесілі. Есепті кезеңде шетелдік нарыққа 10,3 мың тонна сиыр еті және 14,4 мың тонна қой еті экспортталды.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі бұл жетістіктер Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласында тұрақты өсім қалыптастырып қана қоймай, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экспорттық әлеуетін арттыруға және ел экономикасының орнықты дамуына елеулі үлес қосып отырғанын айғақтайды.



# ЫНТЫМАҚТА – МӘДЕНИЕТ ҮЙІ, МАЙТӨБЕДЕ – ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ

Түлкібас ауданында ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысы қарқын алып келеді. Аудан әкімі Асқар Естібаев жұмыс сапарымен Ынтымақ және Майтөбе ауылдарына барып, бой көтеріп жатқан маңызды әлеуметтік нысандардың құрылыс барысымен танысты.

Алдымен аудан басшысы «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ынтымақ ауылында салынып жатқан 200 орындық мәдениет үйінің құрылыс алаңына барды. Мердігер мекеме өкілдері атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндап, нысанның қазіргі жай-күйімен таныстырды.



Бүгінде ғимараттың іргетасы мен негізгі қабырғалары толық қаланып, шатыр жабу жұмыстары аяқталған. Қазіргі таңда ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар қосалқы резервуарлардың құрылысы толық аяқталған. Жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілген соң ауыл тұрғындарының мәдени-рухани өміріне тың серпін беріп, түрлі өнер және қоғамдық шараларды өткізуге мүмкіндік жасайды.

Құрылыс алаңын аралаған аудан әкімі Асқар Естібаев ең алдымен атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына баса мән беріп, құрылыс нормалары мен талаптарының қатаң сақталуы қажеттігін айтты. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдеріне нысанды белгіленген мерзімде әрі жоғары сапамен аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.

Жұмыс сапары барысында аудан әкімі Майтөбе ауылында салынып жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен де танысты. 45 келушіге арналған заманауи медициналық нысан ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитариялық көмекті қолжетімді әрі сапалы көрсетуге мүмкіндік береді.

Жобаға сәйкес, амбулаторияда төрт күндізгі төсекорын жұмыс істейді. Сонымен бірге мұнда 5 дәрігер, 13 орта буын және 2 кіші буын медицина қызметкері еңбек етеді. Бұл ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызмет алуына және денсаулық сақтау саласының қолжетімділігін арттыруға оң ықпал етпек.

Құрылыс барысын егжей-тегжейлі зерделеген аудан басшысы мердігер мекеме өкілдеріне анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жойып, барлық жұмысты белгіленген кестеге сай әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

Түлкібас ауданында жүзеге асырылып жатқан мұндай әлеуметтік жобалар ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғыртып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, ауылдардың әлеуметтік әлеуетін нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесін көрсетеді.

# 45 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Биыл өңірде білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларын қамтитын ондаған әлеуметтік нысанның құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Бұл мәселе Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте жан-жақты талқыланып, құрылыс жұмыстарының орындалу барысы сараланды.

Биыл облыста құрылыс басқармасы арқылы жалпы құны 31,6 млрд теңгені құрайтын 45 әлеуметтік нысанның құрылысы жүзеге асырылуда. Оның ішінде 19 нысанның тапсырыс берушісі – облыстық құрылыс басқармасы болса, 23 нысанға аудан және қала әкімдіктері, ал 3 жобаға қорлар жауапты. Жыл соңына дейін 32 нысанды пайдалануға беру жоспарланған. Қалған 13 жоба келесі жылға өтпелі болса, бүгінгі күнге дейін 8 нысан халық игілігіне берілді.

Білім беру саласына басымдық. Өңірде білім беру инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар ерекше қарқын алған. Қазіргі таңда 16 білім нысанының құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 8 мектептің құрылысына қаржы бөлінген. Бүгінде екі мектеп пайдалануға берілсе, қалған алты білім ошағын жаңа оқу жылы қарсаңында аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында Жетісай, Мақтаарал, Келес және Сарыағаш аудандарында жаңа буын өкілдерін дамытуға арналған төрт заманауи орталықтың құрылысы жүргізілуде.

Медицина нысандары көбейеді. Денсаулық сақтау саласында төрт ірі нысанның құрылысы қолға алынған. Соның ішінде Түркістан қаласында Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қорының қолдауымен салынып жатқан 80 орындық перзентхананың құрылысы 70 пайызға аяқталған. Медициналық құрал-жабдықтар толық сатып алынып, нысанды тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Сарыағаш қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана мен Ордабасы ауданының Темірлан ауылында 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысы басталды. Бұл жобалар өңірдегі медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мәдениет пен спорт инфрақұрылымы жаңаруда. Өңірдің мәдени әлеуетін арттыру мақсатында биыл мәдениет саласындағы 13 нысанның құрылысына 5,5 млрд теңге бағытталды. Қазіргі таңда бес нысан пайдалануға берілді. Қалған мәдениет үйлері, кітапханалар мен мұражайлардың құрылысын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Спорт саласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жалпы құны 3,4 млрд теңгені құрайтын 10 спорт нысанының құрылысы жүргізілуде. Бүгінде Сауран ауданындағы жаңа спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін тағы бес спорт нысанының құрылысы аяқталады.

Сонымен бірге «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландыруымен салынған ангар үлгісіндегі екі спорт залдың бірі пайдалануға берілді. Екінші спорт кешенін тамыз айында ашу жоспарланған.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдерінe барлық әлеуметтік нысандардың құрылысын белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ өндірістік кестеден кешіккен нысандар бойынша нақты шаралар қабылдап, құрылыс жұмыстарының барысын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

Өңірде жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, Түркістан облысының инфрақұрылымдық әлеуетін арттырып, халыққа қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі болып отыр.



Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

# ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ: ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНІ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБА

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы еліміздегі ең маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Дарбаза – Мақтаарал жаңа теміржол желісінің құрылысын қарқынды жүргізіп жатыр. Бұл жоба тек жаңа теміржол салумен шектелмей, Түркістан облысының көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, өңір экономикасының дамуына тың серпін беретін стратегиялық бастама саналады.

Қазіргі таңда құрылыс аланында негізгі және станциялық жолдардың 57 шақырымы төселді. Нысанда 1200-ден астам адам еңбек етуде. Олардың басым бөлігін Түркістан облысының тұрғындары құрайды. Құрылыс жұмыстарына 800-ден астам арнайы техника жұмылдырылған. Бұл жоба өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып қана қоймай, құрылыс кезеңінде жергілікті кәсіпорындардың қызметіне де сұранысты арттырып отыр.

Жоба аясында Мақтаарал шекаралық станциясының құрылысы қатар жүргізілуде. Мұнда шекара, кеден және өзге де мемлекеттік бақылау органдарының жұмысына қажетті заманауи инфрақұрылым қалыптасады. Бұл халықаралық жүк тасымалының рәсімдерін жеңілдетіп, шекарадан өту уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жүк көлемі ұлғайып, елдің халықаралық көлік дәліздеріндегі рөлі күшейе түседі.

«Қазақстан темір жолы» кадр даярлау мәселесіне де ерекше назар аударып отыр. Компания филиалдарына Мақтаарал, Жетісай және Сарыағаш аудандарының әкімдіктерімен, жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп жергілікті тұрғындарды теміржол саласының мамандықтарына оқыту және жұмысқа орналастыру жұмыстарын күшейту тапсырылған. Бұл өңірдегі жастардың тұрақты жұмыспен қамтылуына және кәсіби біліктілігінің артуына ықпал етеді.

Жаңа теміржол желісі пайдалануға берілгеннен кейін 400-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар Мақтаарал мен Жетісай аудандары алғаш рет Қазақстан темір жолының негізгі магистралімен тікелей байланысады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін, соның ішінде мақта, көкөніс және басқа да экспорттық тауарларды ішкі және сыртқы нарықтарға жылдам әрі тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлердің көлік шығындары азайып, өңірдің инвестициялық тартымдылығы артады.

Дарбаза – Мақтаарал теміржолының іске қосылуы Сарыағаш шекара станциясына түсетін жүктемені шамамен 40 пайызға төмендетеді. Бұл халықаралық жүк пойыздарының қозғалысын жеделдетіп, «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің өткізу қабілетін арттыруға ықпал етеді. Соның нәтижесінде Қазақстанның транзиттік әлеуеті күшейіп, елдің Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды логистикалық хаб ретіндегі орны беки түседі.

Сарапшылардың пікірінше, жаңа теміржол желісі тек көлік инфрақұрылымын дамытуға ғана емес, Түркістан облысында өндіріс орындарының, логистикалық орталықтардың және сервистік кәсіпорындардың ашылуына жол ашады. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының көбеюіне, шағын және орта бизнестің дамуына, өңір халқының әл-ауқатының артуына және ел экономикасының тұрақты өсіміне елеулі үлес қоспақ.

# КЕЛЕСТЕ «АУЫЛ АМАНАТЫ» АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУҒА СЕРПІН БЕРДІ

Келес ауданында мемлекеттік «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына, тұрақты табыс көзін қалыптастыруына және жаңа жұмыс орындарын ашуға елеулі үлес қосып келеді. Бағдарлама жүзеге асқан үш жыл ішінде ауданда жалпы құны 2 млрд теңгені құрайтын 339 жоба қаржыландырылып, 750 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бағдарлама аясында ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерліктің түрлі бағыттары қолдау тапқан. Атап айтқанда, мал және өсімдік шаруашылығын дамытуға, жылыжай кешендерін ашуға, өндірістік кооперативтер құруға және ауыл тұрғындарының жеке кәсіп бастауына жеңілдетілген несие берілуде. Нәтижесінде Келес ауданында жүзім шаруашылығы, шұлық өндірісі, сүт өнімдерін өңдеу, сондай-ақ заманауи жылыжай шаруашылықтары табысты жұмыс істеп, жергілікті экономиканың дамуына өз үлесін қосып отыр.

Бағдарлама ауылдағы кәсіпкерлік белсенділікті арттырып қана қоймай, өңірдің өндірістік әлеуетін күшейтуге де ықпал етуде. Жаңа кәсіпорындардың ашылуы халықты жұмыспен қамтуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және жергілікті нарықты отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен бірге өндірілген өнім көлемінің артуы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласының дамуына және ауданның инвестициялық тартымдылығының артуына оң әсерін тигізуде.

Келес ауданында бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. 2026 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында тағы 154 жобаны қаржыландырып, 310 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бұл ауылдағы кәсіпкерлікке серпін беріп, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға және ауыл экономикасының тұрақты дамуына негіз қалайды.

Айта кетейік, «Ауыл аманаты» – ауыл тұрғындарының табысын көбейтуге және ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама. Жоба аясында кәсіп бастауға ниетті азаматтарға жылдық 2,5 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлемемен шағын несие беріледі. Бұл қаржы мал және өсімдік шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, кооперативтер құруға және басқа да кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталады.

# СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – АДАМ ӨМІРІН САҚТАУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Жаз мезгілінде өзен-көлдер мен су қоймаларына демалушылардың көптеп келуіне байланысты Түркістан облысында судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары күшейтілді. Облыс аумағында шомылу маусымы басталғалы бері азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметкерлері және еріктілермен бірлесіп өзен-көлдерде, су қоймаларында, ресми жағажайларда және тұрғындар көп шоғырланатын демалыс орындарында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда. Рейдтердің басты мақсаты – судағы жазатайым оқиғалардың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Профилактикалық жұмыстар барысында демалушыларға судағы қауіпсіздік ережелері жан-жақты түсіндіріліп, арнайы ақпараттық жадынамалар таратылды. Мамандар ең алдымен балаларды су жағасында қараусыз қалдырмаудың маңызын ескертіп, тек рұқсат етілген жағажайларда ғана шомылуға шақырды. Сондай-ақ белгіленбеген және қауіпті орындарға суға түсу, мас күйінде шомылу, жүзу құралдарын қауіпсіздік талаптарын сақтамай пайдалану адам өміріне үлкен қауіп төндіретіні түсіндірілді.

Құтқарушылардың айтуынша, судағы қайғылы жағдайлардың басым бөлігі қауіпсіздік талаптарын елемеуден орын алады. Сондықтан әрбір азамат жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, құтқарушылар мен тәртіп сақшыларының талаптарын бұлжытпай орындауы қажет. Әсіресе кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар ерекше мән бергені жөн.

Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды тек арнайы жабдықталған жағажайларда демалып, қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтауға шақырады. Себебі судағы сақтық – адам өмірін сақтаудың ең тиімді жолы.

# 30 ОТБАСЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНІП, ЖАҢА ПӘТЕРДІҢ КІЛТІН ИЕЛЕНДІ

Шымкент қаласында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік саясат кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Қалада халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруға арналған бағдарламалар өз нәтижесін беріп, жыл сайын жүздеген отбасы қоныс тойын тойлауда. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрғын үйдің қолжетімділігін кеңейту жөніндегі тапсырмалары аясында жүйелі түрде жалғасып келеді.

Осы жолы «Отбасы банк» АҚ жүзеге асырып отырған «2-10-20» және «5-10-20» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалары арқылы тағы 30 отбасы көптен күткен баспанасына қол жеткізді. Жаңа қоныс иелеріне пәтер кілттерін Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков салтанатты жағдайда табыстап, тұрғындарды қуанышты сәтімен құттықтады.

Жаңа тұрғын үйлер Бозарық шағынауданында бой көтерген. Заманауи талаптарға сай салынған көпқабатты үйлер инженерлік-коммуникациялық желілермен толық қамтамасыз етіліп, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті жағдайлар қарастырылған. Жаңа ықшамауданда әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Бұл жолғы қоныс тойының қуанышын көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және өзге де бюджет саласының қызметкерлері бөлісті. Олар ұзақ жылдар бойы күткен армандарына қол жеткізіп, өз шаңырақтарының иесі атанды.



Баспана – әрбір отбасының берекесі мен тұрақтылығының негізі. Сондықтан тұрғын үй мәселесін шешу мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі саналады. Осы орайда жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар азаматтардың баспанаға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтіп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор ықпал етуде.

«2-10-20» және «5-10-20» бағдарламалары арқылы ұсынылатын қолжетімді несие шарттары тұрғындарға қаржылық жүктемені азайтып, ұзақ мерзімге тиімді шарттармен баспана сатып алуға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға және тұрақты табысы бар жас отбасыларға үлкен қолдау болып отыр.

Шымкент қаласында тұрғын үй құрылысының қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Қалада жаңа шағынаудандар бой көтеріп, инженерлік инфрақұрылым кеңейтілуде. Соның нәтижесінде баспана кезегінде тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Мамандардың айтуынша, алдағы уақытта да мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы мыңдаған шымкенттік отбасының баспаналы болуына мүмкіндік жасалады. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді.

Жаңа пәтердің кілті – тек баспананың ғана емес, әр отбасының жаңа өмірге деген сенімі мен болашаққа деген үмітінің символы. Сондықтан бүгінгі қоныс тойы 30 отбасы үшін ұмытылмас қуанышқа толы тарихи сәт ретінде есте қалары сөзсіз.

# МӘМС ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛҒАНДАР САНЫ 1,1 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

Шымкент қаласында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін жетілдіру және тұрғындарды сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасып келеді. Соңғы жылдары сақтандыру жүйесінің қолжетімділігі артып, көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жақсарып келеді. Соның нәтижесінде бүгінде қалада МӘМС жүйесімен қамтылған тұрғындар саны 1,1 миллионға жуықтады. Бұл көрсеткіш қала халқының басым бөлігінің сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет алуына мүмкіндік жасап отыр.

Аталған мәлімет Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Арман Сәбитовтің төрағалығымен өткен денсаулық сақтау саласының 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысына арналған алқа отырысында жария етілді.

Жиынға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Шымкент қаласы бойынша филиалының өкілдері, қалалық денсаулық сақтау басқармасы, Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің мамандары, сондай-ақ мемлекеттік және жекеменшік медициналық ұйымдардың басшылары қатысты. Басқосуда денсаулық сақтау жүйесінің бүгінгі жайкүйі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін дамыту, медициналық көмектің сапасын арттыру, қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету және пациенттердің құқықтарын қорғау мәселелері кеңінен талқыланды.

Алқа отырысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Шымкент қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Шалхар Шеримов баяндама жасап, жыл басынан бері атқарылған жұмыстардың негізгі нәтижелеріне тоқталды. Оның айтуынша, МӘМС жүйесінің тиімділігін арттыру, халықты сақтандырумен қамту аясын кеңейту және медициналық ұйымдардың жауапкершілігін күшейту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Жиында медициналық қызметтердің сапасын бақылау мәселесіне ерекше назар аударылды. Қор тарапынан жүргізілген тұрақты мониторинг барысында көрсетілетін қызмет сапасы, емдеу процесінің талаптарға сәйкестігі және қаржының мақсатты жұмсалуы сараланып келеді. Мониторинг нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша медициналық ұйымдарға нақты ұсынымдар беріліп, оларды жою бойынша жұмыстар қолға алынған.

Мамандардың айтуынша, қаржылық тәртіптің сақталуы мен бақылау тетіктерінің күшеюі мемлекет қаржысының тиімді игерілуіне ғана емес, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға да оң ықпал етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты жалғасады.

Кеңесте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне әлі де тартылмаған азаматтардың үлесін азайту мәселесі де жан-жақты қаралды. Осы мақсатта аудан әкімдіктерімен, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдармен және өзге де мемлекеттік мекемелермен бірлескен түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Азаматтардың сақтандыру мәртебесін анықтау, жүйеге қосылу жолдарын түсіндіру және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша ақпараттық жұмыстар күшейтілген.

Алқа отырысында тұрғындардың өтініштері мен шағымдарын қарау мәселесіне де арнайы тоқталынды. Пациенттердің құқықтарын қорғау және кері байланысты күшейту бағытында медициналық ұйымдардағы пациенттерді қолдау қызметтерінің жұмысы жандандырылған.

– Биылдың алғашқы жартыжылдығында медициналық қызмет көрсетуге қатысты шағымдар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19 пайызға төмендеді. Бұл көрсеткіш медициналық ұйымдардағы пациенттерді қолдау қызметтерінің жұмысы күшейіп, көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту бағытындағы шаралардың оң нәтиже беріп жатқанын көрсетеді, – деді ӘМСҚ Шымкент қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Шалхар Шеримов.

Жиын барысында медициналық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру, цифрлық жүйелердің тиімділігін арттыру, халықтың сұранысына сай сапалы медициналық қызмет көрсету және қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері де талқыланды.

Қала әкімінің орынбасары Арман Сәбитов денсаулық сақтау саласының басты міндеті – тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және азаматтардың медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету екенін атап өтті.

Ол жауапты мекемелерге медициналық көмектің сапасын тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындардың өтініштеріне жедел әрекет етуді, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен қамту көрсеткішін одан әрі арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Алқа отырысының қорытындысы бойынша медициналық ұйымдарға көрсетілетін қызмет сапасын одан әрі жетілдіру, МӘМС жүйесіне қатысушылар қатарын көбейту, пациенттердің құқықтарын қорғау тетіктерін нығайту және бюджет қаражатының тиімді әрі ашық игерілуін қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктелді.

# ШЫМКЕНТТЕ ГОСПИТАЛЬДЫҚ ФАРМАЦИЯ ЖҮЙЕСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Шымкент қаласында денсаулық сақтау саласын жаңғырту және медициналық қызметтің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соңғы жылдары емдеу ұйымдарында халықаралық тәжірибеге негізделген басқару тетіктері кезең-кезеңімен енгізіліп, дәрілік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Осындай маңызды бастамалардың бірі – госпитальдық фармация бөлімшелерін ашу.

Госпитальдық фармация жүйесі дәрілік заттардың сақталуы мен айналымын тиімді ұйымдастыруға, олардың қауіпсіз әрі ұтымды қолданылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылып, емдеу мекемелеріндегі дәрілік саясаттың маңызды бөлігіне айналған.

Шымкент қаласында аталған жүйені енгізу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұған дейін сегіз медициналық ұйымда госпитальдық фармация бөлімшелері жұмыс істеп келсе, енді олардың қатары тағы үш мекемемен толықты.

Жаңа бөлімшелер Шымкент қалалық Психикалық денсаулық орталығында, Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасында және «Хадиша» клиникасында ашылды. Осылайша, бүгінде ша»ардағы 11 медициналық ұйымда госпитальдық фармация бөлімшелері тұрақты жұмыс істеп тұр.

Мамандардың айтуынша, мұндай бөлімшелердің ашылуы дәрілік заттарды қабылдау, сақтау, есепке алу және емдеу процесінде пайдалану жұмыстарын толық жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар дәрілік препараттардың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізіліп, олардың мақсатты әрі қауіпсіз қолданылуына бақылау күшейеді.

Госпитальдық фармация бөлімшелерінің негізгі міндеттерінің бірі – дәрілік терапияның тиімділігін арттыру. Клиникалық фармацевтер дәрігерлермен бірлесіп жұмыс істеп, пациенттің жағдайына сәйкес дәрілік емнің қауіпсіздігіне сараптама жасайды, препараттардың өзара әсерін бағалайды және қажет болған жағдайда емдеу тактикасын жетілдіруге қатысты ұсыныстар береді. Бұл өз кезегінде дәрілік қателіктердің алдын алуға, жанама әсерлердің азаюына және ем нәтижесінің жақсаруына ықпал етеді.

Сондай-ақ жаңа жүйе медициналық ұйымдардағы дәрілік қорды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде препараттардың негізсіз жұмсалуына жол берілмей, қажетті дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз ету деңгейі артады. Бұл бюджет қаражатының тиімді игерілуіне де оң әсерін тигізеді.

Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласында цифрландыру мен басқарудың заманауи тәсілдерін енгізу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Осы мақсатта тағы бір медициналық ұйымда госпитальдық фармация бөлімшесін ашу жоспарланып отыр.

Мамандардың пікірінше, госпитальдық фармация жүйесін кеңейту – медициналық көмектің сапасын арттыруға, пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және денсаулық сақтау ұйымдарының жұмыс тиімділігін күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Бұл бастама дәрілік қамтамасыз ету жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Осылайша,жүзеге асырылып жатқан реформалар денсаулық сақтау саласын заманауи талаптарға сай дамытуға әсер етуде.

Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

## ОРТА ДӘЛІЗДІҢ МҮМКІНДІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Біз бауырлас Өзбекстанмен стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарды жан-жақты дамытуға ерекше мән береміз. Өңірлер басшылары кеңесінің құрылуы мемлекеттеріміз арасындағы қарқынды саяси диалогтың дәйекті жалғасы болып, өзара сенім мен тату көршілікке негізделген ықпалдастықты кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен бірге, елдеріміз арасындағы сауда-инвестициялық байланыстарды одан әрі жандандыруда өңіраралық қарым-қатынастар орасан зор рөл атқарады. Кеңес жұмысы екі мемлекет басшыларының белгілеген көрсеткіштерін $10 млрд-қа дейін ұлғайту міндетіне қол жеткізуге елеулі үлес қосатынына сенімдімін», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Біздің бүгінгі кездесуіміз Каспий теңізінің інжу-маржаны әрі өңіріміздің маңызды көлік-логистикалық хабы саналатын Ақтау қаласында өтуінің мәні зор. Қазақстан – Өзбекстан үшін жақын көрші ғана емес, сенімді стратегиялық серіктес әрі одақтас мемлекет. Өңіраралық әріптестік өзара іс-қимылымыздың басым бағыттарының біріне айналды. Осыған байланысты мемлекеттеріміздің құрметті президенттері Өңірлер басшылары кеңесін құру туралы шешім қабылдады. Өңірлік деңгейдегі тікелей байланыстар өзбек-қазақ қатынастарын одан әрі нығайтуға қуатты сер_пін беретініне», — деп атап өтті Абдулла Арипов.

Қазақстанның Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстары Өзбекстан құрамына кіретін Қарақалпақстанмен, сондай-ақ Жызақ, Науаи, Сырдария, Ташкент облыстарымен шектеседі. Екі ел арасындағы мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы шамамен 2,3 мың шақырымды құрайды.

Олжас Бектенов «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығын толыққанды іске қосудың және оны өзара тиімді әрі бәсекеге қабілетті жобалармен толықтырудың маңыздылығын атап өтті. Сауда-инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін заманауи көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі атап өтілді. Қазақстан мен Өзбекстан Еуразия кіндігінде, стратегиялық маңызы бар негізгі көлік бағыттарының торабында орналасқандықтан айтарлықтай әлеуетке ие.

Солтүстік – Оңтүстік бағыттарымен және Трансауған дәлізімен ұштасатын Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызы ерекше атап өтілді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы жүк тиеу-жөнелту көлемі 8 млн тоннаны құрады. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының порттары арқылы контейнерлік тасымалдау көлемі 5%-ға артып, 50 мың ЖФЭ-ден асты.

Сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы туристік ынтымақтастықты дамыту әлеуетіне назар аударылды, оның ішінде екі ел азаматтарының тарихи-мәдени орталықтарға баруға деген қызығушылығының артып келе жатқаны атап өтілді.

Пленарлық отырыста Маңғыстау және Түркістан облыстарының әкімдері Нұрдәулет Қилыбай мен Нұралхан Көшеров, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Арман Сәбитов, сондай-ақ Жызақ, Сырдария және Ташкент облыстарының әкімдері – Улугбек Мустафоев, Эркинжон Турдимов, Зойир Мирзаев баяндама жасады. Сонымен қатар іс-шараға екі елдің 300-ден астам кәсіпкері қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері арасында бірқатар меморандумға, сондай-ақ жалпы сомасы 80 млрд теңгеден астам коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Жаңа уағдаластықтар бауырлас елдер мен шекара маңы байланыстарын нығайтуға, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және Орталық Азияның орнықты экономикалық дамуына ықпал етуі тиіс.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



## ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ҚҰРЫЛУДА

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Үкімет отырысында автомобиль өнеркәсібі үшін инженерлік кадрларды даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Бүгінгі таңда Министрлік цифрлық өндірісте, роботтандырылған жүйелерде және жасанды интеллект технологияларымен жұмыс істей алатын инженерлерді даярлау жүйесін қалыптастырып келе жатыр, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы.

Автомобиль өнеркәсібі үшін кадрлар даярлау еліміздің 19 жоғары оқу орнында 34 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. Автомобиль өнеркәсібіне қажетті инженерлік бағыттар бойынша 4 мыңға жуық студент білім алуда. Биыл осы бағыттарға 3 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлінді.

«Сонымен қатар «Болашақ» бағдарламасы арқылы әлемдік деңгейдегі мамандар даярланады. 176 маман даярланды, қазіргі уақытта 23 стипендиат Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Чехия, Жапония, Қытай, Италия және басқа да елдерде білім алып, ғылыми тағылымдамадан өтуде», – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылдан бастап инженерлік білім берудің жаңа моделі енгізіліп жатқанын айтты. Даярлаудың бірыңғай траекториясына өту көзделген, инженерлік білім берудің пәнаралық өтпелі стандарты енгізілді, білім, ғылым және өндіріс интеграциясы күшейтілді, тұрақты кәсіби өсудің жаңа тетіктері айқындалды.

## БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстанда тамыз айының соңында телекоммуникация саласындағы заңнамалық өзгерістер күшіне енеді. Мемлекет басшысы 19 маусымда қол қойған заң байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған шараларды көздейді. Атап айтқанда, азаматтарға eGov, eGov Business, eOtinish және Aitu сияқты бірқатар әлеуметтік маңызы бар және мемлекеттік мобильді қосымшаларды тегін пайдалану мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар абоненттік құрылғыларды верификациялау қызметі мемлекеттік реттеуге өтеді. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында вице-министр Досжан Мұсалиев мәлімдеді.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, ұялы телефондарды верификациялау тетігі іске қосылған бір жыл ішінде оң нәтиже байқалған.

«Сонымен қатар өткен бір жыл ішінде заңнамадағы кемшіліктер, түрлі олқылықтар мен қайшылықтар туралы қажетті ақпарат жиналды. Оларды құрылғыларды верификациялаудың жаңа қағидалары аясында жою жоспарланып отыр», – деп нақтылады спикер.

Вице-министрдің айтуынша, ұялы байланыс сигналын күшейткіштерді бақылаусыз пайдалану кейбір аймақтарда байланыс сапасының нашарлауына әкелген. Сондықтан енді сигнал күшейткіштерін елге әкелуге және орнатуға тек байланыс операторларына ғана рұқсат етіледі. Бұл репитерлерден туындайтын кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Өзгерістердің жеке бір блогы байланыс желілерін қорғауға және алаяқтықпен күресуге бағытталған. Мәселен, интернетке қол жеткізу, IP-телефония, транкингтік байланыс және өзге де қызмет түрлеріне лицензиялау енгізілді. Бұл мұндай қызметтерді тек лицензиясы бар операторлар ғана ұсына алатынын білдіреді.

